

# Ел ардақтысы – 75 жаста

**Әлемдік «Шыңғысхан» академиясының академигі, ҚР Мәдениет Министрлігінің «Үздік өлкетанушы» төсбелгісінің, Қостанай облыстық «Қазына» сыйлығының екі мәрте иегері, Арқалық қаласының «Құрметті азаматы» Шәптібай БАЙДІЛДИН – 75 жаста.**

Шәптібай ағамыз қашан да қоғамдық шаралардың бел ортасында жүретін белсенді азамат. Өмірден білгені мен түйгенін кейінгі ұрпақ игілігіне жарату жолында еңбек етіп келеді. Қазақтың төл өнері ұлттық ою – өрнектерімізді мемлекеттік деңгейде насихаттап, саф алтындай құндылығымызды дәріптеуге өлшеусіз үлес қосуда. Ағамыз өңіріміздегі тарихи – мәдени нысандарды зерделеп, кейінгі жастарға, сырттан келген меймандарға таныстырып, насихат етіп жүрген бірегей өлкетанушы ретінде де көптің ықыласына бөленді.

Қашан да үлкен ізденісте жүретін азаматтың: «Қазақтың ою-өрнектері», «Ою ой, өрнек сал», «Оюмен ой айтқан елміз», «Санаулы ғұмырымдағы саналы ойларым», «Мұхиттан өткен қайық», «Кейкі батыр» атты кітаптары жарық көрген. «Қостанай облысы, Торғай аймағының көрікті жерлерінің ақпаратты



өлке-Арқалық» атты еңбектері бар. Мұнан тыс қалалық, облыстық, республикалық БАҚ – да түрлі танымдық, тәрбиелік, тарихты танып, өткенді зерделеу тақырыптарындағы бағдарламалар мен мақалалары жарық көрді.

Ел игілігі үшін осынша еңбек сіңірген Шәптібай ағамызды – 75 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтап, деніне саулық, ұзақ ғұмыр, отбасына амандық тілейміз!

Осындай халқының зор құрметіне бөленген қадірлі ақсақал ретінде әрқашан мерейіңіз тасып, мәртебеңіз өсіп, өмірлік серігіңіз бен балаларыңыздың, немере – шөбере-леріңіздің ортасында бақытты да, баянды ғұмыр кешіңіз!

Арқалық қаласы  
әкімінің аппараты,  
Арқалық қалалық  
мәслихаты,  
Арқалық қалалық